



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары  
оқу орындарын институционалдық аккредиттеу  
(студенттер оқу бітірмей)

## **СТАНДАРТТАРЫ**

# АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ

---



АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ

НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

## **ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРАТЫН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫН ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ (СТУДЕНТТЕР ОҚУ БІТІРМЕЙ)**

### **СТАНДАРТТАРЫ**

**Нұр-Сұлтан 2019**

**ӘОЖ 378 (083.7)**  
**КБЖ 74.58**  
**С 77**

*Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Жоғары білім беру бойынша Сарапшылық Кеңесімен ұсынылған*

**С 77** Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орындарын институционалдық аккредиттеу (студенттер оқу бітірмей) стандарттары / Нұр-Сұлтан, 2019. – 26 б.

ISBN 978-601-7281-11-3

Осы стандарттар ESG (2015) сәйкес әзірленген. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының мәртебесіне, ұйымдық-құқықтық нысанына, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан институционалдық аккредиттеу (студенттерді оқу бітіртпей) процедурасына дайындауға және жүргізуге қойылатын талаптарды айқындайды.

**ӘОЖ 378 (083.7)**  
**КБЖ 74.58**

© Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі

ISBN 978-601-7281-11-3

## **Алғысөз**

**1** «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекеме **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН.**

**2** «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекеменің бас директорының 2019 жылғы 9 желтоқсандағы №117-19-ОД бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

**3** Осы стандартта «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасы Заңының нормалары іске асырылған.

**4** Осы стандарттар 2015 жылғы 14-15 мамырда Білім министрлерінің Ереван конференциясында бекітілген Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету стандарттарымен (ESG, 2015) үйлестірілген.

## **5 БІРІНШІ БАСЫЛЫМ**

Осы стандарттарды «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекемесінің рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды.

## МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы	5
2. Нормативтік сілтемелер	5
3. Терминдер мен анықтамалар	6
4. Белгілеулер мен қысқартулар	10
5. Институционалдық аккредиттеу жүргізу процедурасы	10
6. Кейінгі процедуралар	13
<b>7. ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ</b>	<b>14</b>
Стандарт 1. Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету	14
Стандарт 2. Басшылық және менеджмент	15
Стандарт 3. Ақпаратты басқару және есептілік	16
Стандарт 4. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту	17
Стандарт 5. Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау	18
Стандарт 6. Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау	19
Стандарт 7. Білім алушылар	20
Стандарт 8. Профессорлық-оқытушы құрамы	21
Стандарт 9. Ғылыми-зерттеу жұмысы	22
Стандарт 10. Қаржы	23
Стандарт 11. Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері	23
Стандарт 12. Қоғамды ақпараттандыру	24
8. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі	25
Библиография	26

# **ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРАТЫН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫН ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ (СТУДЕНТТЕР ОҚУ БІТІРМЕЙ)**

---

## **Негізгі ережелер**

---

### **1. Қолданылу саласы**

1.1 Осы стандарттар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен нұсқаулыққа (ESG, 2015) сәйкес әзірленді және жоғары оқу орындарында институционалдық аккредиттеуді жүргізуге қойылатын талаптарды белгілейді.

1.2 Осы стандарттар ЖОО-ның мәртебесіне, ұйымдық-құқықтық нысанына, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, оны институционалдық аккредиттеу рәсімін (студенттер оқу бітірмей) жүргізу кезінде қолданылады.

1.3 Осы стандарттар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ тек жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орындарына қолданылады.

1.4 Осы стандарттар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен ішкі өзін-өзі бағалау және тиесілі нормативтік құжаттаманы әзірлеу үшін қолдана алады.

### **2. Нормативтік сілтемелер**

Осы стандарттарда мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылады:

2.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы

2.2 «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы №603-II Заңы.

2.3 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары

оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI Заңы.

2.4 «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі № 61-IV Заңы.

2.5 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты 2018 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы.

2.6 «Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану және танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдарының және білім беру бағдарламаларының тізілімдерін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 1 қарашадағы № 629 бұйрығы.

2.7 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

2.8 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы.

2.9 Еуропалық жоғары білім кеңістігінде (ESG) сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтары (2015 жылғы 14-15 мамырда Білім министрлерінің Ереван конференциясында бекітілген).

2.10 ECTS (Еуропалық кредит аудару және жинақтау жүйесі) пайдалану жөніндегі нұсқаулық (2015 жылғы 14-15 мамырда Білім министрлерінің Ереван конференциясында бекітілген).

### **3. Терминдер мен анықтамалар**

Осы стандарттарда 2-тармақта көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады. Оларға қосымша мынадай анықтамалар белгіленген:

**3.1 Академиялық ұтқырлық:** білім алушыларды немесе зерттеуші-оқытушыларды оқыту немесе зерттеулер жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге (семестрге немесе оқу жылына) өзінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында немесе оқуды жалғастыру үшін басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында академиялық кредиттер түрінде меңгерген оқу бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта тапсыра отырып, басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына (ел ішінде немесе шетелге) ауыстыру;

**3.2 Институционалдық аккредиттеу (білім беру ұйымдары):** аккредиттеу органының олардың сапасы туралы объективті ақпарат беру және оны арттырудың тиімді тетіктерінің болуын растау мақсатында білім беру қызметтерінің белгіленген аккредиттеу стандарттарына (регламенттеріне) сәйкестігін тану рәсімі.

**3.3 Институционалдық аккредиттеу:** аккредиттеу органының білім беру ұйымының сапасын мәлімделген мәртебеге және аккредиттеу органының белгіленген стандарттарына сәйкестігін бағалау процесі.

**3.4 Талдау:** аккредиттеу объектісінің жекелеген бөліктерін бөлумен және/немесе зерделеумен сипатталатын зерттеу әдісі, білім беру қызметтерінің сапасын бағалау үшін деректерді анықтау, жинау процесі.

**3.5 Сыртқы сараптау комиссиясының сапары (Visit of the external expert group):** ЖОО-ның өзін-өзі бағалауы бойынша бұрын ұсынылған есеппен шынайы сәйкестігін тексеруді, ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасы мен тиімділігін бағалауды, стейкхолдерлермен әңгімелесуді және сауалнама жүргізуді, сондай-ақ сапаны арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеуді көздейтін тұтас аккредиттеу процесінің жалпы қабылданған компоненті.

**3.6 Еуропалық жоғарғы білімнің кеңістігі үшін біліктілікті түгел қамтитын құрылымы (Framework of Qualifications for the European Higher Education Area):** жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің үш деңгейін қамтитын біліктілік құрылымы: бакалавриат, магистратура және докторантура, білім беру нәтижелері мен құзыреттер негізінде әрбір деңгей үшін әмбебап Дублин дескрипторлары, сондай-ақ бірінші және екінші деңгейлер үшін кредиттер диапазоны.

**3.7 Қашықтықтан білім беру технологиялары:** білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (қашықтықта) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

**3.8 Кредиттерді аудару мен жинақтаудың еуропалық жүйесі (European Credit Transfer and Accumulation System; ECTS):** Білім беру бағдарламаларын жоспарлаудың, сипаттаудың, оқыту нәтижелерін белгілеудің және танудың, сондай-ақ пәндердің еңбекті қажет ететінін оның барлық компоненттеріне айқындау арқылы студенттің жеке білім беру траекториясы бойынша ілгерілеу серпінін мониторингтеудің студентке орталықтандырылған тәсілі.

**3.9 Білім беру бағдарламаларының сапасы:** білім алушылар мен түлектердің құзыреттілік деңгейінің кәсіптік стандарттардың талаптарына және білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйым белгілеген қосымша талаптарға сәйкестігі.



**3.10 Кредиттік оқыту технологиясы:** білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы білім алушының пәндерді оқу тізбегін таңдауы және өз бетінше жоспарлауы негізінде оқыту.

**3.11 Бейресми білім беру:** оқу орны, мерзімі және нысаны ескерілмей көрсетілетін білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жүзеге асыратын ересектерге білім беру және оқыту нәтижелерін растайтын құжат беріледі.

**3.12 Білім беру бағдарламасы:** оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.

**3.13 Білім беру мониторингі:** білім беру процестерін жүзеге асырудың нәтижелері мен шарттарының жай-күйі және өзгеру серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау.

**3.14 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы:** жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және ғылыми зерттеу қызметін жүзеге асыратын жоғары оқу орны.

**3.15 Бағалау:** білім беру қызметтерінің жоспарланған нәтижелеріне, шешімдер қабылдау үшін бағдарламаның білім беру мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін айқындау және сапаны одан әрі арттыру бағытын айқындау тәсілі. Талдау барысында жиналған деректер мен дәлелдемелерді түсіндіру.

**3.16 Өзін-өзі бағалау есебі:** өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша ЖОО әзірлейтін және аккредиттелетін органның қарап, шешім қабылдауы үшін ұсынылатын құжат.

**3.17 Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат:** ұжымдық талқылау негізінде айқындалған және ұйым басшылығы бекіткен сапаны қамтамасыз етуді дамудың түйінді басымдықтары мен құндылық бағдарларын сипаттайтын негізгі бағыттар.

**3.18 Дипломға қосымша:** жоғары білім туралы ресми құжатқа қосымша қоса берілген, білім беру біліктілігінің иегері өткен және аяқтаған оқудың сипатын, деңгейін, мәнмәтінін, мазмұны мен мәртебесін сипаттайтын жалпы еуропалық стандартталған құжат.

**3.19 Біліктілікті беру:** тиісті кәсіби қызмет түрі шеңберінде жұмысты орындау үшін қажетті жеке қабілеттердің, кәсіби білімнің, шеберлік пен дағдылардың жиынтығын растау рәсімі.

**3.20 Дайындық бейіні:** жоғары білім деңгейі бағытының ерекшелігін ашатын білім беру бағдарламасының маңызды сипаттамасы.

**3.21 Оқыту нәтижелері:** білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеруіне қарай алған, көрсеткен білімінің, шеберлігінің, дағдысының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтары мен қатынастары.

**3.22 Нәтижелілік:** жоспарланған қызметті іске асыру және жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесі.

**3.23 Өзін-өзі бағалау:** институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу стандарттары мен критерийлері негізінде ЖОО-ны дербес бағалау рәсімі.

**3.24 Сапа жүйесі:** белгіленген ережелер мен қабылданған әдістемелерге сәйкес сапа менеджментінің белгілі бір функцияларын орындайтын және білім беру бағдарламасының барлық түлектерінің кәсіби стандарттарға сәйкес белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ететін ұйымдағы бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың рәсімдерінің жиынтығы.

**3.25 Стейкхолдер (stakeholder):** белгілі бір салада шешім қабылдауға мүдделі және/немесе қатысатын жеке тұлға, адамдар тобы немесе ұйым.

**3.26 Жоғары білім беру стратегиясы:** оның қызметінің құрылымына, мазмұнына, құралдары мен нысанына, ішкі және сыртқы өзара іс-қимыл жүйесіне қатысты жоғары білім беруді дамытудың ұзақ мерзімді сапалы белгілі бір бағыты.

**3.27 Білім берудегі студентке бағдарланған тәсіл:** жоғары білім берудегі Болон реформаларының негіз қалаушы қағидат, ол білім беру процесіндегі акценттерді оқытудан (білімді «таратудағы» профессор-оқытушылық құрамның негізгі рөлі ретінде) оқуға (студентті белсенді білім беру қызметі ретінде) ауыстыруды көздейді.

**3.28 Оқу бағдарламасы:** әрбір оқу пәні, әрбір оқу дисциплинасы және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, шеберліктің, дағдылар мен құзыреттердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

**3.29 Оқу жоспары:** тиісті білім беру деңгейіндегі білім алушылардың оқу пәндерінің, оқу дисциплинасының және (немесе) модульдерінің, кәсіптік практиканың, оқу қызметінің өзге де түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбекті қажет ететінін) және бақылау нысандарын реттейтін құжат.

**3.30 Формальды білім:** оқу орнының базасында бекітілген білім беру бағдарламасын меңгеру.

**3.31 Сараптамалық бағалау:** Кейіннен шешім қабылдау мақсатында мамандардың пікірінің қаралатын проблемасын талдау негізінде баға алу рәсімі.

**3.32 Тиімділік:** қол жеткізілген нәтиже мен пайдаланылған ресурстар арасындағы арақатынас.

#### 4. Белгілеулер мен қысқартулар

Осы стандарттарда 2-тармақта көрсетілген нормативтік құжаттарға сәйкес қысқартулар қолданылады. Оларға қосымша мынадай белгілеулер мен қысқартулар қолданылады:

**ҚР** – Қазақстан Республикасы

**ҚР БҒМ** – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

**АРТА АК** – Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Аккредиттеу кеңесі

**ЖОО** – Жоғары оқу орны

**ССК** – «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ сыртқы сараптау комиссиясы

**ENIC/NARIC** – Академиялық тану және ұтқырлық жөніндегі Ұлттық ақпараттық орталықтардың еуропалық желісі / Ұлттық академиялық тану ақпараттық орталықтары

**АРТА** – Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі

**ҒЗЖ** – ғылыми-зерттеу жұмысы

**ҰБЖ** – Ұлттық біліктілік жүйесі

**БББ** – Білім беру бағдарламасы

**ПОҚ** – Профессорлық-оқытушы құрамы

**ESG** – Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттары мен ұсыныстары.

#### 5. Институционалдық аккредиттеу жүргізу процедурасы

5.1 Білім беру ұйымының құқық белгілейтін және рұқсат беру құжаттарының көшірмелерін қоса бере отырып, институционалдық аккредиттеуді жүргізуге өтінім беруі.

5.2 АРТА-ның білім беру ұйымының өтінімін қарауы.

5.3 ЖОО институционалдық аккредиттеу рәсімін бастау туралы АРТА шешімін қабылдау. Аккредиттеуді өткізу туралы агенттік пен ЖОО арасында шарт жасасу.

5.4 Білім беру ұйымының басшылығы мен АРТА институционалдық аккредиттеуді (студенттер оқу бітірмей) өткізу теориясы, әдістемесі және технологиясы мәселелері бойынша арнайы семинарларда институционалдық аккредиттеу критерийлері мен процедураларын білім беру ұйымы ішкі сарапшыларына түсіндіру үшін оқытуды ұйымдастырады.

5.5 АРТА-да белгіленген талаптарға сәйкес білім беру ұйымы өзін-өзі бағалауды жүргізу және өзін-өзі бағалау туралы есепті (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) АРТА-ға электрондық нұсқада және әрбір тіл үшін қағаз тасығышта 1 данада жолдау.

5.6 АРТА ЖОО өзін-өзі бағалау есебін талдау негізінде төмендегі шешімдерді қабылдауға құқылы:

- «өзін-өзі бағалау бойынша есеп материалдарын пысықтау қажеттілігі туралы ұсынымдар әзірлеу»;
- «сыртқы сараптамалық бағалау жүргізу»;
- «өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің осы стандарттардың критерийлеріне сәйкес келмеуіне байланысты институционалдық аккредиттеу процедурасын жүргізудің мүмкін еместігіне байланысты аккредиттеу мерзімін ауыстыру».

5.7 АРТА аккредиттеуді жалғастырған жағдайда, сыртқы сараптау комиссиясын (бұдан әрі - ССК) құрады, оны ЖОО бағалауды жүргізу үшін АРТА-ның бас директоры бекітеді. Комиссияның сандық құрамы сыртқы бағалау көлеміне қарай айқындалады. Оның құрамына жұмыс берушілерді, білім алушыларды қоса алғанда, академиялық қоғамдастықтың, Қазақстанның мүдделі тараптарының өкілдері және шетелдік сарапшы/сарапшылар кіреді.

5.8 АРТА аккредиттеуді жалғастырған жағдайда, білім беру ұйымымен институционалдық аккредиттеуді өткізу мерзімдерін және ССК сапарының бағдарламасын келіседі.

5.9 Комиссия сапарының ұзақтығы 3-5 күнді құрайды. Сапар барысында білім беру ұйымы Қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес ССК жұмысына жағдай жасайды:

- комиссия мүшелерінің әрқайсысы үшін өзін-өзі бағалау туралы есептің электрондық және қағаз нұсқасын ұсынады;
- АРТА өкілімен келісім бойынша және ССК мүшелерінің санына қарай қажетті ұйымдастыру техникасын ұсынады;
- ССК сапарының бағдарламасына сәйкес ССК-ның инфрақұрылым мен ресурстарды тексеруін, кездесулерін, сауалнамаларын, сұхбаттарын және басқа да жұмыс түрлерін ұйымдастырады;
- сұратылған ақпаратты ұсынады;
- ССК жұмысының фото және бейнетүсірілімін ұйымдастырады;
- сапар соңында жоспарланған іс-шаралардың өткізілгенін растайтын ССК жұмысы туралы бейнеролик дайындайды;
- ЖОО қызметі туралы ақпаратты қамтитын таныстырылым ұсынады.

5.10 Сапар аяқталғаннан кейін сыртқы сараптау комиссиясы ЖОО бағалау жөнінде есеп және ССК сапарының барысы туралы таныстырылым дайындайды. Білім беру ұйымы Аккредиттеу кеңесінің отырысына білім беру ұйымының қысқаша сипаттамасын және ССК сапарының барысы туралы ақпаратты қамтитын бейнеролик дайындайды.

5.11. Есепте ССК сапарының сипаттамасы, АРТА стандарттарының критерийлеріне қатысты ЖОО қызметінің сәйкестігін қысқаша бағалау, қызметті жақсарту және сапаны қамтамасыз ету бойынша ЖОО-ға ұсынымдар, Аккредиттеу кеңесіне ұсынымдар қамтылады. Аккредиттеу

кеңесінің ұсынымдарында ЖОО-ның мәртебесі (аккредиттеу/аккредиттемеу) және аккредиттеудің ұсынылатын мерзімі туралы ақпарат болады.

5.12 Ұсыныстарды қоса алғанда, ССК есебін ССК мүшелері алқалы түрде әзірлейді.

5.13 Сыртқы сараптау комиссиясының ЖОО бағалау жөніндегі есебі және білім беру ұйымдары қызметінің өзін-өзі бағалау туралы есебі Аккредиттеу кеңесінің институционалдық аккредиттеу туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

5.14 Сыртқы сараптау комиссиясының төрағасы сыртқы сараптау комиссиясы сапарының қорытындылары бойынша Аккредиттеу кеңесінің алдында баяндама жасайды. Объективті себеп болған жағдайда, АРТА бас директоры Аккредиттеу кеңесінің отырысында баяндама жасап, қатысу үшін сыртқы сараптау комиссиясының мүшесін тағайындайды. Сыртқы сараптау комиссиясының төрағасын ауыстыру АРТА бас директорының бұйрығымен ресімделеді.

5.15 АРТА Аккредиттеу кеңесінің айрықша құзыретіне білім беру ұйымын аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімдер қабылдау жатады. Аккредиттеу кеңесінің құрамы оның қызметі туралы ережеге сәйкес айқындалады. Отырыс кворум болған жағдайда, өткізіледі. Аккредиттеу кеңесі сыртқы сараптау комиссиясының ұсынымына сәйкес келмейтін негізделген шешім қабылдауға құқылы.

Аккредиттеу кеңесі:

- аккредиттеу:
  - 1 жылға - жалпы критерийлер сақталған кезде, бірақ кейбір кемшіліктер мен жақсарту мүмкіндіктері болған кезде;
  - 3 жылға - тұтастай алғанда оң нәтижелер болғанда, бірақ жекелеген кемшіліктер мен жақсарту мүмкіндіктері болған кезде;
  - 5 жылға - жалпы оң нәтижелер болғанда.
- аккредиттемеу туралы шешім қабылдайды.

5.16 АРТА Аккредиттеу кеңесі оң шешім қабылдаған кезде шешім нәтижелері бар ресми хат және білім беру ұйымына АРТА бас директоры қол қойған ЖОО институционалдық аккредиттеу туралы куәлік жолдайды. Бұдан әрі ЖОО аккредиттеу туралы шешім ҚР БҒМ-не Аккредиттелген білім беру ұйымдарының тізіліміне (2-тізілім) енгізу үшін жіберіледі және АРТА-ның веб-сайтына орналастырылады. Сондай-ақ веб-сайтқа сыртқы сараптау комиссиясының есебі орналастырылады.

Білім беру ұйымы аккредиттеу туралы куәлікті алғаннан кейін өз сайтында өзін-өзі бағалау есепті орналастырады.

5.17 Аккредиттеу кеңесі АРТА теріс шешім қабылдаған кезде шығарылған шешімі бар білім беру ұйымына хат жолдайды.

5.18 Білім беру ұйымы Қызмет көрсету туралы шартқа және Апелляциялар мен шағымдарды қарау жөніндегі комиссия туралы ережеге сәйкес белгіленген тәртіппен Аккредиттеу кеңесінің шешіміне апелляцияны

АРТА-ға жолдай алады. Сыртқы сараптау комиссиясының және Агенттік өкілдерінің құзыреттілігіне күмән туындаған немесе сыртқы сараптау комиссиясының мүшелері өрескел бұзушылық жасаған жағдайда, білім беру ұйымы шағымды АРТА-ға жолдай алады.

## 6. Кейінгі процедуралар

6.1 АРТА Аккредиттеу кеңесі оң шешім қабылдаған жағдайда, білім беру ұйымы АРТА-ға Сыртқы сараптау комиссиясының ұсынымдары шеңберінде сапаны жақсарту және жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) ұсынады, оған бірінші басшы қол қояды және мөрмен куәландырылады, сондай-ақ АРТА-мен Қызметтер көрсету туралы шарт жасасады. Шарт пен Жоспар аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу үшін негіз болып табылады.

6.2 Білім беру ұйымдарын/білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден кейінгі мониторинг рәсімі жөніндегі ережеге сәйкес аккредиттелген білім беру ұйымдары Жоспарға сәйкес аралық есептерді дайындауы тиіс. Аралық есептер аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізудің болжамды күніне дейін АРТА-ға жолданады.

6.3. ЖОО қызметін аккредиттеуден кейінгі мониторингі былайша жүргізіледі:

<b>Аккредиттелгені туралы куәліктің қолданылу мерзімі</b>	<b>3 жыл</b>	<b>5 жыл</b>
Аралық есепті ұсыну және сараптамалық сапарды өткізу кезеңділігі	1,5 жылдан кейін 1 рет	Әрбір екі жыл сайын 2 рет
Бару сапары	1 рет	2 рет

6.4. АРТА-ның ЖОО-ға қатысты қойылған талаптар мен Жоспар орындалмаған жағдайда, сондай-ақ білім беру ұйымында өткізілетін өзгерістер туралы ақпарат болмаған жағдайда, Аккредиттеу кеңесі мынадай шешімдер қабылдауға құқылы:

- институционалдық аккредиттеудің қолданылуын уақытша тоқтата тұру,

- 2-тізілімінің тізімінен алып тастау арқылы ЖОО аккредиттеуді кері қайтарып алу, бұл бұрын қол жеткізілген барлық аккредиттеу нәтижелерінің күшін жоюға әкелуі мүмкін.

6.5 АРТА-мен қызмет көрсету туралы шартқа қол қойылмауына байланысты аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізуден білім беру

ұйымы бас тартқан жағдайда, 6.4-тармаққа сәйкес АРТА Аккредиттеу кеңесі аккредиттеу мәртебесін қайтарып алу және қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы.

6.6 Аккредиттеуді мерзімінен бұрын тоқтатқан және кері қайтарып алған жағдайда, білім беру ұйымы ЖОО-ны аккредиттеуді кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған сәттен бастап бір жыл ішінде АРТА-ға аккредиттеуге өтінім беруге құқығы жоқ.

## **7. ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ**

### **Стандарт 1. Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету**

#### **1.1 Жалпы ережелер**

ЖОО-ның қызметі ЖОО-ның білім беру қызметтері нарығындағы орнын (халықаралық, ұлттық, өңірлік) көрсететін оның миссиясымен айқындалады. ЖОО-ның миссиясы, пайымы және Даму стратегиясы мемлекеттің, қоғамның, экономика салаларының, әлеуетті жұмыс берушілердің, білім алушылардың және басқа да мүдделі тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы және білім беру сапасын қамтамасыз ету саясатын дәйекті түрде жүзеге асыруды көздеуі тиіс.

#### **1.2. Бағалау критерийлері**

1.2.1. ЖОО түрлі стейкхолдерлерді кеңінен тарта отырып, сыртқы және ішкі факторларды талдау негізінде бірегей миссияны, пайымды және стратегияны әзірлеуді көрсетуі тиіс.

1.2.2 ЖОО мемлекеттің, қоғамның, нақты экономика салаларының, әлеуетті жұмыс берушілердің, білім алушылардың және басқа да мүдделі тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған миссияның, пайымның және стратегияның бағыттылығын көрсетуі тиіс.

1.2.3 ЖОО сапаны қамтамасыз ету миссиясын, пайымын, стратегиясы мен саясатын қалыптастыру, мониторингтеу және тұрақты түрде қайта қарау процестерінің ашықтығын көрсетуі тиіс.

1.2.4 ЖОО-ның жарияланған миссиясы, даму стратегиясы және сапаны қамтамасыз ету саясаты болуы тиіс.

1.2.5 ЖОО даму стратегиясы мен сапаны қамтамасыз ету саясатын нақтылайтын жекелеген қызмет салалары мен процестері (жоспарлар, бағдарламалар, ережелер және т.б.) бойынша құжаттарды әзірлейді.

1.2.6 Сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, оқыту және оқу арасындағы байланысты көрсетуі тиіс.

1.2.7 ЖОО сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын көрсетуі тиіс.

## **Стандарт 2. Басшылық және менеджмент**

### **2.1 Жалпы ережелер**

2.1.1. ЖОО-ны басқару жүйесі пайымды, миссияны және стратегияны іске асыруға бағытталған.

2.1.2 ЖОО басшылығы стратегиялық құжаттарды іске асыруда, мониторингтеуде және өзектендіруде менеджменттің жүйелілігін көрсетуі тиіс.

### **2.2 Бағалау критерийлері**

2.2.1 ЖОО стратегияға сәйкес басқару, оның ішінде ресурстарды жоспарлау және бөлу процестерін жүзеге асырады.

2.2.2 ЖОО сапаны қамтамасыз етудің ЖОО ішіндегі жүйесінің табысты жұмыс істеуін және жақсаруын көрсетуі тиіс.

2.2.3 ЖОО тәуекелдерді басқару талдауын көрсетуі тиіс.

2.2.4 ЖОО өзгерістердің тиімділігіне талдау жүргізуді көрсетуі тиіс.

2.2.5 ЖОО анықталған сәйкессіздіктерді талдауды, әзірленген түзету және алдын алу іс-қимылдарын іске асыруды көрсетуі тиіс.

2.2.6 ЖОО бизнес-процестерге жауаптылардың нақты айқындамасын, персоналдың лауазымдық міндеттерін бір мәнді бөлуді, алқалық органдар функцияларының аражігін ажыратуды көрсетуі тиіс.

2.2.7 ЖОО білім беру бағдарламаларын басқару арқылы білім беру процесін басқаруды қамтамасыз етуді, оның ішінде олардың тиімділігін бағалауды көрсетуі тиіс.

2.2.8 ЖОО даму стратегиясы негізінде жыл сайынғы қызмет жоспарларын, оның ішінде ПОҚ қызмет жоспарларын әзірлеуді көрсетеді.

2.2.9 Сапаны қамтамасыз етуге бейілділік мердігерлер мен серіктестер орындайтын (аутсорсинг) кез келген қызметке, оның ішінде бірлескен/қос дипломды білім беруді және академиялық ұтқырлықты іске асыру кезінде қатысты болуға тиіс.

2.2.10 ЖОО ЖОО-ны басқару жүйесінің ашықтығының дәлелдерін ұсынуы тиіс.

2.2.11 ЖОО білім алушылар мен ПОҚ-ның алқалы басқару органдарының жұмысына қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

2.2.12 ЖОО білім алушылар, ПОҚ, ата-аналар және басқа да мүдделі тұлғалар үшін басшылар мен әкімшіліктің ашықтығы мен қол жетімділігінің дәлелдерін көрсетуі тиіс.

2.2.13 ЖОО инновацияларды басқаруды, оның ішінде инновациялық ұсыныстарды талдау мен енгізуді көрсетуі тиіс.

2.2.14 ЖОО халықаралық, ұлттық және өңірлік кәсіптік бірлестіктерге қатысуға ұмтылуы тиіс.



2.2.15 ЖОО басшылықты (ректорлар, кеңесшілер, проректорлар, декандар, құрылымдық бөлімшелердің бастықтары, кафедра меңгерушілері) білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқытуды қамтамасыз етуі тиіс.

2.2.16 ЖОО сыртқы сапаны қамтамасыз етудің соңғы рәсімінен бастап қол жеткізілген прогресті келесі рәсімге дайындық кезінде назарға алуға ұмтылуы тиіс.

### **Стандарт 3. Ақпаратты басқару және есептілік**

#### **3.1 Жалпы ережелер**

3.1.1 ЖОО-да негізделген шешімдер қабылдау үшін сыртқы және ішкі статистикалық және талдамалық деректер мен фактілерді жинау және талдау жүйесі болуы тиіс.

3.1.2 ЖОО ақпараттың өлшенуін, дұрыстығын, дәлдігін, уақтылығын және толықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

#### **3.2 Бағалау критерийлері**

3.2.1 ЖОО қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдану негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.

3.2.2 ЖОО сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту үшін өңделген, барабар ақпаратты жүйелі пайдалануды көрсетуі тиіс.

3.2.3 ЖОО-да бөлімшелер, БББ, ғылыми зерттеулер қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін және олардың өзара іс-қимылын бағалауды қамтитын ұйымдық құрылымның барлық деңгейлерінде тұрақты есептілік жүйесі болуы тиіс.

3.2.4 ЖОО БББ басқаруды, алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің, жоғары басшылықтың қызметін, ғылыми жобаларды іске асырудың кезеңділігін, нысандарын және бағалау әдістерін белгілеуге тиіс.

3.2.5 ЖОО ақпараттың тәртібі мен қорғалуын қамтамасыз етуді айқындауды, оның ішінде ақпаратты талдаудың және деректерді ұсынудың дұрыстығы мен уақтылығы үшін жауапты адамдарды белгілеуді көрсетуі тиіс.

3.2.6 ЖОО ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ олардың негізінде шешімдер қабылдау процестеріне білім алушылардың, қызметкерлер мен ПОҚ-тың қатысуын көрсетуі тиіс.

3.2.7 ЖОО білім алушылармен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен коммуникация тетігінің болуын, оның ішінде жанжалдарды шешу тетіктерінің болуын көрсетуі тиіс.

3.2.8 ЖОО ПОҚ, персонал және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі және анықталған кемшіліктерді жою дәлелдерін көрсетуі тиіс.

3.2.9 ЖОО оның қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін, оның ішінде БББ қатысты бағалауы тиіс.

3.2.10 ЖОО жинайтын және талдайтын ақпарат мыналарды ескеруі тиіс:

- тиімділіктің негізгі көрсеткіштері;
- нысандар мен түрлеріне қарай білім алушылар контингентінің серпіні;
- білім алушылардың үлгерімі, жетістіктері және оқудан шығуы;
- білім алушылардың БББ іске асыруына және ЖОО-да оқыту сапасына қанағаттануы;

- білім алушылар үшін білім беру ресурстары мен қолдау жүйелерінің қолжетімділігі;

- түлектердің жұмысқа орналасуы және мәнсабының өсуі.

3.2.11 Білім алушылар, қызметкерлер мен ПОҚ дербес деректерді өңдеуге өз келісімін құжатпен растауы тиіс.

3.2.12 ЖОО тиісті ғылым салаларында барлық қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге жәрдемдесуі тиіс.

## **Стандарт 4. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту**

### **4.1 Жалпы ережелер**

Білім берудің тиісті деңгейлеріндегі БББ іске асыру болашақ мамандардың негізгі құзыреттерін қалыптастыруға және еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. БББ білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке алуды, жеке білім беру траекториясын құру мүмкіндігін көздейді.

### **4.2 Бағалау критерийлері**

4.2.1 ЖОО БББ әзірлеудің құжатталған рәсімінің болуын және оның институционалдық деңгейде бекітілуін көрсетуі тиіс.

4.2.2 ЖОО әзірленген БББ белгіленген мақсаттарға және жоспарланған оқыту нәтижелеріне сәйкестігін көрсетуі тиіс.

4.2.3 ЖОО Оқу нәтижелері мен жеке қасиеттерін сипаттайтын БББ түлегі моделінің бар екенін көрсетуі тиіс.

4.2.4 ЖОО БББ сыртқы сараптамалар жүргізуді көрсетуі тиіс.

4.2.5 БББ аяқталғаннан кейін алынатын біліктілік ҰБЖ-ның белгілі бір деңгейіне нақты айқындалуы, түсіндірілуі және сәйкес келуі тиіс.

4.2.6 ЖОО оқыту нәтижелерін қалыптастыруға пәндер мен кәсіптік практикалардың әсерін айқындауы тиіс.

4.2.7 Білім алушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады.

4.2.8 ЖОО білім алушылардың, ПОҚ және басқа да стейкхолдерлердің БББ әзірлеуге, олардың сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс.

4.2.9 ЖОО оқу пәндерінің мазмұнын және оқыту деңгейін (бакалавриат, магистратура, докторантура) оқыту нәтижелерін қамтамасыз етуі тиіс.

4.2.10 БББ құрылымында оқыту нәтижелеріне сәйкес келетін әр түрлі қызмет түрлерін қарастыру қажет.

4.2.11 Шетелдік білім беру ұйымдарымен бірлескен БББ болуы маңызды фактор болып табылады.

## **Стандарт 5. Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау**

### **5.1 Жалпы ережелер**

БББ мониторингі және мерзімді бағалау оның мақсаттарына қол жеткізуге, жоспарланған оқыту нәтижелерін толық қалыптастыруға бағытталған. ЖОО басшылығы мониторинг жүргізу және мерзімді бағалау форматына қойылатын өз талаптарын айқындауы тиіс.

### **5.2 Бағалау критерийлері**

5.2.1 ЖОО еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, БББ мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қамтамасыз етуге тиіс.

5.2.2 ЖОО БББ мақсатына қол жеткізу үшін БББ мониторингін жүргізудің және мерзімді бағалаудың құжатталған рәсімінің болуын көрсетуі тиіс. Осы рәсімдердің нәтижелері БББ үнемі жетілдіруге бағытталған.

5.2.3 БББ мониторингі және мерзімді бағалау мыналарды қарастыруы тиіс:

- оқытылатын пәннің өзектілігін қамтамасыз ету үшін нақты пән бойынша ғылымның соңғы жетістіктері аясындағы бағдарламалардың мазмұны;

- қоғам мен кәсіби орта қажеттіліктерінің өзгеруі;

- білім алушылардың жүктемесі, үлгерімі және бітіруі;

- білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігі;

- білім алушылардың сенімі, қажеттіліктері және қанағаттануы;

- білім беру ортасының және қолдау қызметтері қызметінің БББ мақсаттарына сәйкестігі.

5.2.4 ЖОО білім алушылардың, жұмыс берушілердің және басқа да стейкхолдерлердің БББ қайта қарауға қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс.

5.2.5 Барлық мүдделі тұлғалар БББ қатысты кез келген жоспарланған немесе қабылданған іс-әрекеттер туралы хабардар болуы тиіс. БББ енгізілген барлық өзгерістер жариялануы тиіс.

5.2.6 Қолдау қызметтері білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін анықтауды және қанағаттандыруды қамтамасыз етуі тиіс.

## **Стандарт 6. Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау**

### **6.1 Жалпы ережелер**

Студентке орталықтандырылған білім беру білім алушылардың оқу нәтижелеріне жетуінде маңызды рөл атқарады. ЖОО әрбір білім алушының БББ мақсаттарына қол жеткізуін бағалауға, оқытуға және оқуға студентке орталықтандырылған білім беру тәсілін енгізеді.

### **6.2 Бағалау критерийлері**

6.2.1 ЖОО білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет пен назар аударуды, оларға икемді оқу траекторияларын беруді қамтамасыз етуі тиіс.

6.2.2 ЖОО оқыту мен оқудың әртүрлі нысандары мен әдістерін пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс.

6.2.3 ЖОО оқытудың әртүрлі әдістемелерін пайдалану және оқыту нәтижелерін бағалау бойынша кері байланыс жүйесінің болуын көрсетуі тиіс.

6.2.4 ЖОО оқытушы тарапынан бір мезгілде басшылық пен көмек көрсете отырып, білім алушылардың дербестігіне қолдау көрсетуі тиіс.

6.2.5 ЖОО білім алушылардың шағымдарына ден қою рәсімінің болуын көрсетуі тиіс.

6.2.6 ЖОО апелляцияны қоса алғанда, оқыту нәтижелерін бағалау тетігінің дәйектілігін, ашықтығын және объективтілігін қамтамасыз етуі тиіс.

6.2.7 ЖОО білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау рәсімдерінің жоспарланған оқу нәтижелері мен бағдарлама мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс. Бағалау критерийлері мен әдістері алдын-ала жариялануы керек.

6.2.8 ЖОО-да әрбір түлектің оқу нәтижелерін игеруін қамтамасыз ету тетіктері айқындалуы және олардың толық қалыптасуы қамтамасыз етілуі тиіс.

6.2.9 Бағалаушы тұлғалар оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістерін меңгеруі және осы салада біліктілігін үнемі арттырып отыруы тиіс.

## **Стандарт 7. Білім алушылар**

### **7.1. Жалпы ережелер**

ЖОО-да қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттауды қоса алғанда, оқудың барлық кезеңдерін реттейтін жарияланған қағидалар болуы тиіс. ЖОО оқытудың алдыңғы нәтижелерін, академиялық ұтқырлық шеңберінде игерілген құзыреттерді, қосымша, ресми және бейресми оқытуды тану тәртібін айқындауы тиіс.

### **7.2 Бағалау критерийлері**

7.2.1 ЖОО білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын көрсетуі және оның рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс. Білім алушылардың өмірлік циклын реттейтін рәсімдер (оқуға түскеннен бастап оқуды бітіргенге дейін) айқындалуға, бекітілуге, жариялануға тиіс.

7.2.2 ЖОО жаңа түскен және шетелдік білім алушылар үшін арнайы бейімдеу және қолдау бағдарламаларын жүргізуді көздеуі тиіс.

7.2.3 ЖОО өзінің іс-әрекеттерінің тану туралы Лиссабон конвенциясына сәйкестігін, оның ішінде білім алушылардың академиялық ұтқырлығы нәтижелерін, сондай-ақ қосымша, ресми және бейресми оқыту нәтижелерін тану тетігінің болуын және қолданылуын көрсетуі тиіс.

7.2.4 ЖОО біліктілікті салыстырмалы тануды қамтамасыз ету мақсатында басқа білім беру ұйымдарымен және «Академиялық тану және ұтқырлық бойынша ұлттық ақпараттық орталықтардың Еуропалық желісі/Ұлттық академиялық ақпараттық тану орталықтары» ұлттық орталықтарымен ENIC/NARIC ынтымақтасуы тиіс.

7.2.5 ЖОО білім алушылардың сыртқы және ішкі ұтқырлығы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етуі, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуға жәрдемдесуі тиіс.

7.2.6 ЖОО білім алушыларды негізгі бағдарламадан тыс (оқудан тыс қызмет) өздігінен білім алуға және дамытуға белсенді түрде ынталандыруы тиіс.

7.2.7 Дарынды білім алушыларды қолдау тетігінің болуы маңызды фактор болып табылады.

7.2.8 ЖОО білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуі, бітірушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, олармен байланысты қолдау рәсімін көрсетуі тиіс.

7.2.9 ЖОО бітірушілерге алған біліктілігін растайтын құжаттарды, соның ішінде қол жеткізген оқу нәтижелерін беру рәсімін көрсетуі тиіс.

## **Стандарт 8. Профессорлық-оқытушы құрамы**

### **8.1 Жалпы ережелер**

ЖОО объективті және ашық кадр саясатын жүргізуге, ПОҚ пен персоналдың кәсіби дамуы үшін қажетті жағдайлар жасауға тиіс. ЖОО студентке орталықтандырылған білім беруге көшуіне байланысты оқытушы рөлінің өзгеруін көрсетеді.

### **8.2 Бағалау критерийлері**

8.2.1 ЖОО-ның бүкіл штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ететін, персоналды жалдауды, кәсіби өсуін және дамуын қамтитын объективті және ашық кадр саясаты болуы тиіс.

8.2.2 ЖОО ПОҚ-Тың кадрлық әлеуетінің ЖОО-ның даму стратегиясына және БББ ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі тиіс.

8.2.3 ЖОО өз қызметкерлері үшін жауапкершілікті сезінуді және олар үшін қолайлы жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуді көрсетуі тиіс.

8.2.4 ЖОО студентке орталықтандырылған білім беруге көшуге байланысты оқытушы рөлінің өзгеруін көрсетуі тиіс.

8.2.5 ЖОО ЖОО-ның даму стратегиясын және басқа да стратегиялық құжаттарды іске асыруға ПОҚ үлесін анықтауы тиіс.

8.2.6 ЖОО ПОҚ-тың, оның ішінде жастардың мәнсабының өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік беруі тиіс.

8.2.7 ЖОО тиісті салалардың практиктерін оқу мен оқытуға тартуды көздеуі тиіс.

8.2.8 ЖОО ПОҚ-тың кәсіби және жеке дамуын ынталандыру тетігінің бар екендігін көрсетуі тиіс.

8.2.9 ЖОО ПОҚ-тың білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды (мысалы, on-line оқыту, e-портфолио, ЖАОК және т.б.) кеңінен қолданылуын көрсетуі тиіс.

8.2.10 ЖОО қызметтің академиялық ұтқырлықты дамытуға, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды тартуға бағыттылығын көрсетуі тиіс.

8.2.11 ЖОО ПОҚ-тың қоғам өміріне тартылуын көрсете алады (ПОҚ-тың білім беру жүйесіндегі, ғылымды, өңірді дамытудағы, мәдени ортаны құрудағы, көрмелерге, шығармашылық конкурстарға, қайырымдылық бағдарламаларына қатысудағы рөлі және т.б.).

## **Стандарт 9. Ғылыми-зерттеу жұмысы**

### **9.1 Жалпы ережелер**

ЖОО-ның ғылыми-зерттеу қызметі білім беру, ғылым және инновациялық даму саласындағы ұлттық басымдықтарға, ЖОО-ның миссиясы мен стратегиясына сәйкес келеді.

### **9.2 Бағалау критерийлері**

9.2.1 ЖОО ғылыми-зерттеу жұмысы басымдықтарының білім беру, ғылым және инновациялық даму саласындағы ұлттық саясатқа сәйкестігін көрсетуі тиіс.

9.2.2 ЖОО ғылыми-зерттеу қызметінің ЖОО миссиясы мен стратегиясына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

9.2.3 ЖОО ҒЗЖ нәтижелілігін жоспарлауды және мониторингілеуді жүзеге асыруы тиіс.

9.2.4 ЖОО білім алушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту процестерінің болуы мен нәтижелілігін көрсетуі тиіс.

9.2.5 ЖОО ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін қолдауды және дамытуды қамтамасыз етуі тиіс.

9.2.6 ЖОО ғылыми зерттеулердің нәтижелерін енгізуге және тануға, оның ішінде консалтинг пен коммерцияландыруға жәрдемдесуі тиіс.

9.2.7 Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу маңызды фактор болып табылады.

9.2.8 ЖОО ғылыми зерттеу қызметін қаржыландыру көздерін әртараптандыруға ұмтылуы тиіс.

9.2.9 ЖОО ОПҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру тетіктерін көздеуі тиіс.

## **Стандарт 10. Қаржы**

### **10.1 Жалпы ережелер**

ЖОО-да тұрақтылық, тиімділік, нәтижелілік, ашықтық және тексерілу қағидаттарына негізделген қаржылық саясат жүзеге асырылады.

## **10.2 Бағалау критерийлері**

10.2.1 ЖОО тәуекелдерді бағалауды ескере отырып, даму стратегиясымен келісілген даму сценарийлерін қалыптастыруы тиіс.

10.2.2 ЖОО бюджеттің стратегиялық және операциялық жоспарлауын көрсетуі тиіс.

10.2.3 ЖОО қаржыны басқарудың, оның ішінде мониторинг пен есептіліктің құжатталған рәсімінің болуын көрсетуі тиіс.

10.2.4 ЖОО ішкі аудит жүйесінің бар екендігін көрсетуі тиіс.

10.2.5 ЖОО сыртқы тәуелсіз аудит жүргізуді қарастыруы тиіс.

10.2.6 ЖОО ЖОО-ның әртүрлі қызмет түрлерін, оның ішінде ЖОО-ның даму стратегиясын, БББ, ғылыми жобаларды дамытуды қаржылық қамтамасыз етудің жеткіліктілігін бағалау тетігінің болуын көрсетуі тиіс.

## **Стандарт 11. Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері**

### **11.1 Жалпы ережелер**

ЖОО инфрақұрылымы заманауи талаптарға сәйкес келеді және оқуда студентке орталықтандырылған білім беру тәсілін іске асыруды қамтамасыз етеді. Оқу ортасы материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды қоса алғанда, ЖОО-ның миссиясы мен стратегиясына сәйкес келуі тиіс.

### **11.2 Бағалау критерийлері**

11.2.1 ЖОО білім беру ресурстарының, оның ішінде материалдық-техникалық және инфрақұрылымның ЖОО-ның стратегиялық мақсаттарына сәйкестігіне кепілдік беруге тиіс.

11.2.2 ЖОО ақпарат беру мен кеңес беруді қоса алғанда, білім алушылардың әртүрлі топтарын қолдау рәсімдерінің болуын көрсетуі тиіс.

11.2.3 ЖОО ақпараттық ресурстардың стратегиялық мақсаттарға сәйкестігін көрсетуі тиіс:

- білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушылар мен ПОҚ-ты технологиялық қолдау (мысалы, онлайн-оқыту, модельдеу, деректерқорлар, деректерді талдау бағдарламалары);



- кітапхана ресурстары, оның ішінде жалпы білім беретін, базалық және бейіндеуші пәндер бойынша қағаз және электрондық тасығыштардағы оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры, мерзімді басылымдар, Ғылыми дерекқорларға қолжетімділік;

- ҒЗЖ нәтижелерін, оқу бітіру жұмыстарын, диссертацияларды плагиатқа сараптау;

- білім беру Интернет-ресурстарына қолжетімділік;

- өз аумағында WI-FI жұмыс істеуі.

11.2.4 ЖОО білім беру, ғылыми және басқа да қызмет түрлері үшін жағдай жасауға ұмтылуы тиіс. Инфрақұрылымды тиісті дамыту білім алушылардың, оқытушылардың, қызметкерлердің және басқа да мүдделі тұлғалардың инфрақұрылымға қанағаттануын мониторингтеу нәтижелеріне сүйене отырып жүргізілуге тиіс.

11.2.5 ЖОО БББ игеру үшін пайдаланылатын оқу жабдығы мен бағдарламалық құралдардың тиісті салаларда пайдаланылатындарға ұқсас болуына ұмтылуы тиіс.

11.2.6 ЖОО инфрақұрылымның қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

11.2.7 ЖОО білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектер, жұмыс істейтін, шетелдік білім алушылар, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар) қажеттіліктерін ескеруі тиіс.

11.2.8 ЖОО білім алушының жеке білім беру траекториясы бойынша ілгерілеуі үшін жағдай жасайды.

## **Стандарт 12. Қоғамды ақпараттандыру**

### **12.1 Жалпы ережелер**

ЖОО өзінің қызметі туралы қоғамды тұрақты негізде хабардар етіп отырады. Қоғамды хабардар ету білім алушылардың, ПОҚ-тың, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тұлғалардың ашықтығы, тартылуы және хабардар болуы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

### **12.2 Бағалау критерийлері**

12.2.1 ЖОО жариялайтын ақпарат нақты, объективті, өзекті болуы және ЖОО қызметінің барлық бағыттарын көрсетуі тиіс.

12.2.2 ЖОО басшылығы қоғамды және мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру үшін ақпаратты таратудың түрлі тәсілдерін (оның ішінде БАҚ, веб-ресурстар, ақпараттық желілер және т.б.) пайдалануы тиіс.

12.2.3 Қоғамды хабардар ету елдің ұлттық даму бағдарламаларын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін қолдауды және түсіндіруді көздеуі тиіс.

12.2.4 ЖОО өзінің веб-ресурсында аудиттелген қаржылық есептілікті жариялауы тиіс.

12.2.5 ЖОО веб-ресурста ЖОО-ны тұтастай және БББ қатысты сипаттайтын ақпараттың көрсетілуін көрсетуі тиіс.

12.2.6 Персонал тұрғысынан ПОҚ туралы барабар және объективті ақпараттың болуы маңызды фактор болып табылады.

12.2.7 Әріптестермен, оның ішінде ғылыми/консалтингтік ұйымдармен, бизнес әріптестермен, әлеуметтік әріптестермен және білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы ақпаратты орналастыру маңызды фактор болып табылады.

12.2.8 ЖОО сыртқы бағалау рәсімдерінің нәтижелері бойынша ақпаратты және сыртқы ресурстарға сілтемелерді орналастыруы тиіс.

## **8. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

8.1 Өзгерістер мен толықтырулар қолданыстағы аккредиттеу стандарттарын одан әрі жетілдіру мақсатында енгізіледі.

8.2 Стандарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді АРТА жүзеге асырады.

8.3 Білім беру ұйымдары және басқа да мүдделі органдар қолданыстағы стандарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық жасаған жағдайда, ұсыныстар мен ескертулер АРТА-ға жіберіледі.

8.4 АРТА келіп түскен ұсыныстар мен ескертулердің негізділігі мен мақсаттылығына белгіленген тәртіппен сараптама жүргізеді.

8.5 Қолданыстағы аккредиттеу стандарттарына өзгерістер мен толықтырулар мақұлданғаннан кейін АРТА бас директорының бұйрығымен өзгерістерімен жаңа редакцияда бекітіледі.

## Библиография

[1] «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

[2] «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы №603-II Заңы.

[3] «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI Заңы.

[5] «Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану және танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдарының және білім беру бағдарламаларының тізілімдерін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 1 қарашадағы № 629 бұйрығы.

[6] Quality Procedures in the European Higher Education Area and Beyond - Second ENQA Survey, ENQA, 2008, Helsinki.

[7] ECTS (Еуропалық кредит аудару және жинақтау жүйесі) пайдалану жөніндегі нұсқаулық. - Еуропалық Одақтың жарияланымдар кеңсесі, 015 жыл, ISBN 978-92-79-43562-1 (2015 жылғы 14-15 мамырда Білім министрлерінің Ереван конференциясында бекітілген).

[8] Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG) сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтары (жаңа редакция) (2015 жылғы 14-15 мамырда Білім министрлерінің Ереван конференциясында бекітілген).

[9] Инженерия, информатика, сәулет, жаратылыстану ғылымдары, математика саласындағы дәрежені бере отырып, білім беру бағдарламаларын аккредиттеудің жалпы критерийлері салалар бойынша бөлек немесе әртүрлі мамандықтардың комбинациясында, Инженерия, информатика/компьютер ғылымдары, жаратылыстану ғылымдары және математика саласындағы дәрежені бере отырып, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу агенттігі (ASIIN), Дюссельдорф (Германия), 2012 ж., 55 бет.

[10] Criteria for accrediting Engineering technology programs, ABET, 2012, Baltimore.

[11] Accrediting standards, ACEJMC, 2006.